«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ» КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ | ПРИКАЗ

«29» 11 2023 ж./г. | № 577

Қызылорда қаласы | город Кызылорда

***Тәуліктік төсек-орын санын кеңейту туралы***

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі №480-V ҚРЗ Заңының 65-бабы және Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы 20 мамырдағы №560 қаулысына сәйкес төсек-орын жоспары орындалуының артуына және үстемені азайту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

***1. «Облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы» ШЖҚ КМК-ның бас дәрігеріне*** *(А. Мухамбетова):*

1.1. Жұқпалы аурулардың эпидемиологиялық ахуалының күрделенуіне және төсек-орын жоспары орындалуының артуына байланысты «Облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы» ШЖҚ КМК-ның төсек-орны қосымша 70 тәуліктік төсек орынға *(барлығы 300 төсек орын, оның ішінде ересектер – 80, балалар – 220)* кеңейтілсін.

1.2. Бейіндендірілген төсек орындары және қызметкерлер «Ресурстарды басқару жүйесі» ақпараттық жүйесіне енгізілсін.

1.3. Бейіндендірілген төсек орындары кезекшілік ететін медицина қызметкерлерінің кезекшілік кестесі бекітілсін.

1.4. Қажетті дәрі-дәрмектер мен жеке қорғаныш құралдарымен толығымен қамтамасыз етілсін.

1.5. Бейіндендірілген төсек орындарының «Ресурстарды басқару жүйесі» ақпараттық жүйесіне енгізілгендігі туралы ішкі бұйрық Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің С. Қайырбекова атындағы денсаулық сақтауды дамытудың Ұлттық ғылыми орталығының Қызылорда облысы бойынша филиалына 1 күн мерзімі ішінде ұсынылсын.

1.6. Осы бұйрықтан туындайтын өзге шараларды қабылдауды қамтамасыз етілсін.

2. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының 2023 жылғы 20 қазандағы №499 бұйрығының 1-тармағының күші жойылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

0011174

**Басқарма басшысының міндетін атқарушы** — **М. Мирзанова**

QAZAQSTAN RESPUBLIKASY QYZYLORDA OBLYSYNYŃ DENSAULYQ SAQTAU BASQARMASY KOMUNALDYQ MEMLEKETTIK MEKEMESI

BUIRYQTAR ÚShIN